

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ**Аманбекова Н.Д.^{1*}, Бакирова Ж.С.²**¹Семей медициналық университеті, Семей қ., Қазақстан²Сымбат” колледжі академиясы, Алматы қ., Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: nurgul_katekeeva@mail.ru (Аманбекова), ganat_69@mail.ru (Бакирова)

Түйіндеме. Мақаланың мақсаты Шығыстың шағын қаласы Зайсанның 1925-1990 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуы қарастыра отырып, қала тарихының кеңестік кезеңдегі маңызы мен орнын анықтау. Зайсан шағын қаласы Шығыс Қазақстанда орналасқан түрлі салалық тиесілілігі бар қаланың бірі. Шығыстағы шағын қалалар әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен болып жатқан құрылымдық қайта құрулар бойынша біртекті емес. Кейбір шағын қалалар табиғи минералды ресурстарды өнеркәсіптік игеру орындарында салынды-экономиканың әртүрлі салаларының ірі кәсіпорындары олардың қала құраушы негізіне айналды, ал басқалары ірі көлік тораптарының, бұрынғы Кеңес Одағының әскери-өнеркәсіптік кешенінің ғылыми-техникалық орталықтарының айналасында қалыптасты. Нәтижесінде, негізінен қазақ халқы тұратын еңбек ресурстары көп аудандарда емес, шикізат ресурстарына бай өңірлерде немесе одақтық басқару органдарының көзқарасы бойынша тиімді қалаларда өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыру арасында теңгерімсіздік туындады. Зайсан – Ресей мен Қытай арасын жалғастыратын алтын көпір болған ұлы керуен жолы. Сонымен қатар қалалық аймақ Қытаймен де шектесіп жатқан геосаяси аймақта орналасқан. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен елімізде кеден қызметі жолға қойылған. 1992 жылдың мамыр айынан бастап, Шығыс аймақтық кеденіне қарасты «Майқапшағай» кеден бекеті құрылды. Сондай-ақ, 2006 жылдың сәуір айынан бастап, «Майқапшағай - Жеменей» шекара сауда орталығы ашылған. Қазіргі таңға дейін маңызын жоймаған тарихи шағын қалаланың тарихын зерттеу бүгінгі күн талабы. Кеңестік кезеңде объективті себептерге байланысты экономикалық әлеуеті өте төмен шағын қалалар болды, бұл ресурстық базаның болмауына байланысты. Мұндай қалаларда өнеркәсіптің артта қалған құрылымы, инфрақұрылымы мен әлеуметтік саласы дамымаған, халықтың табысы төмен. Мұндай қалалға аймақ бойынша Зайсан да жатқан еді.

Кілт сөздер. Зайсан, қала, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуы, шекаралық аймақ, Кеңес Одағы, шағын қала.

МРНТИ 03.20**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ, КУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА ЗАЙСАН В 1925-1991 ГГ.: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ****Н.Д. Аманбекова^{1*}, Бакирова Ж.С.²**¹Медицинский университет Семей, г. Семей, Казахстан²Колледж академии «Сымбат», г. Алматы, Казахстан

*Автор корреспондент

E-mail: nurgul_katekeeva@mail.ru, (Аманбекова), ganat_69@mail.ru (Бакирова)

Аннотация. Цель статьи изучить социально-экономическое, культурное развитие малого города Востока в 1925-1990-е гг. и определить значение и место истории города в советский период. На сегодняшний день в Восточном Казахстане расположен небольшой город Зайсан, один из городов с различной отраслевой принадлежностью. Причиной отдельного рассмотрения малых городов на Востоке является то, что все они неоднородны по уровню социально-экономического развития и происходящим структурным преобразованиям в зависимости от экономических и географических факторов. Одни малые города строились в местах промышленного освоения природных минеральных ресурсов - их градообразующей основой стали крупные предприятия различных отраслей экономики, другие формировались вокруг крупных транспортных узлов, научно-технических центров военно-промышленного комплекса бывшего Советского Союза. В результате

возник дисбаланс между размещением промышленных предприятий не в районах с большими трудовыми ресурсами, где проживает преимущественно казахское население, а в регионах с богатыми сырьевыми ресурсами или в городах, эффективных с точки зрения союзных органов управления. Зайсан - великий караванный путь, который стал золотым мостом между Россией и Китаем. Кроме того, город расположен в геополитической зоне, граничащей с Китаем. С обретением Республикой Казахстан независимости в стране налажена таможенная служба. С мая 1992 года создан таможенный пост «Майкапшагай» при восточной региональной таможне. Также с апреля 2006 года открыт пограничный торговый центр «Майкапшагай-Жеменей». Изучение истории небольшого исторического города, который до настоящего времени не утратил своего значения, является требованием сегодняшнего дня. В советский период по объективным причинам существовали города с очень низким экономическим потенциалом, что обусловлено отсутствием ресурсной базы. В таких городах не развита отсталая структура промышленности, инфраструктура и социальная сфера, низкие доходы населения. В такой город по региону попал и Зайсан.

Ключевые слова: Зайсан, город, социальное, экономическое, культурное развитие, пограничная зона, Советский Союз, малый город.

IRSTI 03.20

SOCIO-ECONOMIC, CULTURAL DEVELOPMENT OF THE CITY OF ZAISAN 1925-1991: HISTORICAL ANALYSIS

N.D. Amanbekova¹, Bakirova J.S.²

¹Semey Medical University, Semey, Kazakhstan

²College Academy "Symbat, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding author

E-mail: nurgul_katekeeva@mail.ru, (Amanbekova), ganat_69@mail.ru (Bakirova)

Abstract. The purpose of the article is to study the socio-economic, cultural development of a small town in the East in the 1925-1990s. and to determine the meaning and place of the history of the city during the Soviet period. Today in East Kazakhstan there is a small town of Zaysan, one of the cities with different industries. The reason for the separate consideration of small towns in the East is that they are all heterogeneous in terms of the level of socio-economic development and ongoing structural transformations, depending on economic and geographical factors. Some small towns were built in places of industrial development of natural mineral resources - their city-forming basis was large enterprises of various sectors of the economy, others were formed around large transport hubs, scientific and technical centers of the military-industrial complex of the former Soviet Union. As a result, an imbalance arose between the location of industrial enterprises not in areas with large labor resources, where mainly the Kazakh population lives, but in regions with rich raw materials or in cities that are effective from the point of view of union government bodies. Zaysan is a great caravan route that has become a golden bridge between Russia and China. In addition, the city is located in a geopolitical zone bordering China. Since the Republic of Kazakhstan gained independence, a customs service has been established in the country. Since May 1992, the Maykapshagai customs post has been established at the eastern regional customs. Also, the border trade center "Maykapshagai-Zhemeny" has been opened since April 2006. Studying the history of a small historical city, which has not lost its significance until now, is a requirement of today. In the Soviet period, for objective reasons, there were cities with very low economic potential, which due to the lack of a resource base. In such cities, the backward structure of industry, infrastructure and social sphere, low incomes of the population are not developed. In such a city in the region Zaisan also fell.

Key words: Zaysan, city, social, economic, cultural development, border zone, Soviet Union, small town.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 28 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауы тиіс. Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалаларды дамыту қажет екенін айтты және үкіметке бір салалы шағын қалаларды дамыту туралы арнайы бағдарлама жасауды тапсырды. Онда қаланың экономикасындағы әрбір нақты бағытты әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамыту ескерілуі қажет», - (Н. Назарбаев, 2012 жыл 27 қаңтар) деген болатын. Осыған баланысты Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың дамуы мен әлеуметтік-экономикалық жұмыс жасауындағы талдауы және оны дамытуы ерекше ғылыми маңыздылығымен көрінеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 27 елдімекен моноқала статусына ие болды. Олардың көпшілігі

дағдарыстың әсерінен қатты әлсіреген. Сонымен қатар аталған қалаларда 1,53 млн. адам өмір сүреді, ал пайызға шаққанда 16,8% еліміздің қала халқының санына тиесілі. 27 қаланың ішінен 16 қала аудан орталықтары болып табылса, қалған 11 қала сәйкесінше аудан орталықтарына жатқызылмайды.

Кеңес дәуірінде Қазақстанда сандық жағынан басқа қалалық қоныстардан едәуір басым болатын шағын қалаларды дамытуға басым орын берілді. Қазіргі кезеңде Шығыс Қазақстанда орналасқан түрлі салалық тиесілілігі бар Серебрянск, Чарск (Шар), Аягөз, Зырян, Зайсан, Курчатов, Шемонаиха сияқты шағын қалалар бар. Олардың барлығы экономикалық және географиялық факторларға байланысты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен болып жатқан құрылымдық қайта құрулар бойынша біртекті емес. Осындай моно қалалардың әлеуметтік – экономикалық, мәдени дамуының кеңес өкіметі тұсындағы тарихи дамуына жаңа көзқарастағы зерттеулерді жүйелей отырып қарау тұңғыш елбасының «Туған жер» бағдарламасы аясындағы зерттеулерді толықтырары даусыз деп ойлаймын.

Өзектілігі. Кейбір шағын қалалар табиғи минералды ресурстарды өнеркәсіптік игеру орындарында салынды-экономиканың әртүрлі салаларының ірі кәсіпорындары олардың қала құраушы негізіне айналды, ал басқалары ірі көлік тораптарының, бұрынғы Кеңес Одағының әскери-өнеркәсіптік кешенінің ғылыми-техникалық орталықтарының айналасында қалыптасты. Нәтижесінде, негізінен қазақ халқы тұратын еңбек ресурстары көп аудандарда емес, шикізат ресурстарына бай өңірлерде немесе одақтық басқару органдарының көзқарасы бойынша тиімді қалаларда өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыру арасында теңгерімсіздік туындады.

Мұндай саясаттың ең жағымсыз салдары болды, әлеуметтік проблемалардың шиеленісуіне әкелді, өйткені қоныс аударушылардың бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, одақтас министрліктер мен ведомстволар өте қолайсыз экологиялық және тұрмыстық жағдайларда болған жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға іс жүзінде назар аудармады, қажетті әлеуметтік - мәдени қызмет ала алмады. Осылайша, 70-80 жылдары республикада Еңбек және жұмыспен қамту саласында, әсіресе шағын қалаларда проблемалар біртіндеп жинақтала бастады. Проблемалардың табиғаты бойынша депрессивті және артта қалған шағын қалалар ерекшеленеді. Депрессияға ресурстық артықшылықтары талап етілмеген немесе сарқылу сатысында шағын қалалар жатады. Бұл қалаларда өнеркәсіптік өндірістің айтарлықтай төмендеуі байқалады, өндірілетін өнім бәсекеге қабілетсіз, ал кәсіпорындар жойылуда. Бұған көлік ағындарының өзгеруіне және жүк тасымалдарының қарқындылығының төмендеуіне байланысты өз мәнін жоғалтатын көлік тораптары да жатады. Серебрянск қалаларында қала құраушы кәсіпорындар банкрот деп жарияланды. Қазіргі уақытта ондай жерлерді де моноқалаға жатқызу қажет.

Материалдар мен әдістемесі. Мәселенің зерттелу дәрежесін қарастырмас бұрын, біз келесі маңызды сәтке назар аударғымыз келеді. Қалалар мен қала тұрғындарының даму мәселелерін экономистер, демографтар кеңінен зерттеді. Сонымен, қалаларды дамытудың экономикалық және демографиялық проблемалары, олардың қоныс аудару жүйесіндегі рөлі кеңес ғалымдарының көптеген еңбектерінде көрсетілген. Семей облысындағы саяси-әкімшіліктегі басқару ісі, халықтың шаруашылығы мен тұрмыстық жағдайы туралы құнды деректер Н.Я. Коншиннің (Коншин, 1914: 38) еңбектерінде кездеседі. Ол Аягөз округы, Көкпекті округінің құрылу тарихы жайында көптеген мәліметтерді жазып қалдырған.

А.С. Елагиннің (Елагин, 1980: 344) басшылығымен жүргізілген Қазақстан қалаларын ғылыми бағытта зерттеп-зерделеп жүрген ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде Қазақстан қалаларының тарихы туралы тың еңбектер жарық көрді. Семей мен Шығыс Қазақстан қалалары терең де жан-жақты зерттеген Қазақстанның көрнекті ғалымы Ж.Қ. Қасымбаев (Қасымбаев, 1998: 276). М.Г. Ескендіровтың Шығыс Қазақстанның жалпы әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуын қамтиды. (Ескендіров, 1996: 25) А.С. Адильбаеваның (Адильбаева, 2010) шығыс қалаларының жалпы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына арналған еңбектері мәселенің теориялық негізін салуға үлкен үлес қосты.

Тақырыпты кешенді зерделеу үшін салыстырмалы - тарихи әдісті қолдану ұлттық шет аймақтарды басқарудың және соттың формалары мен принциптеріне салыстырмалы талдау жүргізуге және олардың жалпы және ерекше сипатын көрсетуге мүмкіндік берді. Мақалада пәнаралық тоғыста тарихи зерттеулердің қазіргі методологиялық құралдары басшылыққа алынды. Микродеңгейдегі күнделікті әдісі, логикалық талдау әдісі, салыстырмалы тарихи әдіс назарда болды. Жалпы ғылыми талдау, синтез, статистикалық әдіс қолдалды. .

Талдау. Артта қалған қалаларға объективті себептерге байланысты экономикалық әлеуеті өте төмен қалалар жатады, бұл ресурстық базаның болмауына байланысты. Мұндай қалаларда өнеркәсіптің артта қалған құрылымы, инфрақұрылымы мен әлеуметтік саласы дамымаған, халықтың табысы төмен. Моноқалалардағы өндірістік-өнеркәсіптер бір немесе екі салада жұмыс істеуімен ерекшеленеді, ал қалған кәсіпорындардың әсері, үлесі салыстырмалы түде аз. Кей жерлерде қала құраушы кәсіпорындар мүлдем жұмыс жасамайды. Мақалада Қазақстан Республикасының

мемлекеттік бағдарламалары, заңдары және нормативті актілері, стратегиялары мен тұжырымдамалары, деректер базасына енген мақалалар диссертациялық жұмыстың ақпараттық негізін құрады. Шығыс Қазақстанның шағын қалалар тұрғындары бойынша А.С. Уалтаеваның еңбектері негізге алынды. (Уалтаева, 2011) зерттеуінде көрсетілген. Тақырыптың салыстырмалы теориялық негізін қарастыруда Ю.В. Войнаровскаяның шағын қалалардың халықна қатысты еңбегі зор (Войнаровская, 2009.). Сонымен қатар тақырыптың тарихын ашуда уездік қалалар тарихын қарастырған Р.М. Джаниеваның еңбегін (Джаниева, 2007) атауға болады. Тарихнамалық талдауды қорытындылай келсек жалпы Зайсан қаласының кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қатысты арнайы еңбектер жоқтың қасы. Зайсан қаласының кеңестік кезеңдегі шағын қала ретіндегі қалыптасып, даму тарихының сара жолын ашу бүгінгі күнгі тарих ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі.

Нәтижелері. Шағын қалалар қай кезеңде де болмасын қоғамдық дамудағы өзіндік үлесіне қарай әлеуметтік, саяси- экономикалық, мәдени дамудың сатысынан өтетіндігі дау тудырмайды. Кеңестік дәуірдегі өндірістік қаланың бірі Зайсан қаласы. Жалпы қаланың іргетасы 1968 жылы әскери бекет ретінде қаланған еді. Зайсан - тарихы қандай бай болса, тарихи орындары да сондай сақталған, ғасыр жасаған мекемелерінің сыртқы келбетінің өзі құнды деректер бере алуымен ерекше қала. Қаланың арық суы сылдырап аққан, бойы толған теректер өскен орталық көшелерінің бірінде орналасқан ескі ғимаратты бейнетаспаға түсіру басталып кетті. Алдымен өз заманының белгілі байы, алаштың адал жақтасы Жүніс Татановтан қалған тарихи жәдігер - үйін нысаны бар. Ешбір оқу-білім алмаса да, тума талантымен сәулетшілік қыры танылған Баязит Сәтбайұлы есімді жобалаушы инженер бұл ғимаратты Зайсан қаласында болған 1900-1915 жылдар арасында салады. Зайсаннан шыққан ауқатты адамдардың өмірін қарап отырсаңыздар, олардың аста-төк қазынаның ортасында елге қарайлас, мұң-мұқтажын шешкіш қабілеттерін көруге болады. Мысалы, Бидахмет Бобкин мырза қуғындалған жылдарға дейін кем-кетікке жәрдемдесіп, жолын көтеріп, жоғын тапқызыған. Сол секілді Алаш партиясының Зайсан өңірінде жандануына, жиындар өткізіп, бір ұлттық идеяға біріктіруге қосқан Жүніс Татановтың да үлесін айтуға болады. Жүніс Татановтың кейінгі тағдыры өте аянышты: ішімдікке тойып алған үш революционер-большевик оны үйінің ауласында атып өлтірген. Кейіннен ғимарат советтік үкіметтің меншігіне өткен соң, оған ұзақ жылдар оқу бөлімінің мекемесі орналасты. 1961 жылы қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов дүние салғаннан кейін жазушының құрметіне М. Әуезов атындағы мектеп деп аталып, осында көшеді.

Зайсан уезі қазақтарының үш съезі өткен осы шаңырақ. 1918 жылы Зайсанда Алаштың «Теңдік заман» атты бөлімшесі жұмыс істеп, Алаш жасағы құрылған екен. Уақытша үкімет кезінде құрылған Қазақ комитетінің облыстық ұйымын Райымжан Мәрсек басқарып тұрған, кейін өзі орталықтағы Алаш қозғалысына тікелей араласқанда зайсандықтарға да бағыт-бағдар сілтеген.

1920-30 жылдарда Зайсанда мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашылып, Семей қаласынан арнаулы жолдамалармен мұғалімдер жіберілді. Солардың қатарында С. Сейітханов, М. Ошманов, С. Токсанбаевтар болды.

Бұл өңірде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Зайсан уезін басқаруға ішкеріден белгілі адамдар жіберілген, солардың бірі 1922-24 жылдары уездік атқару комитетінің төрағасы болған әйгілі қаламгер, режиссер, қайраткер Жұмат Шанин болған. Одан кейін бірер жыл Мусин (есімі белгісіз) деген азамат басқарады. 1925 жылы Зайсан уезін басқаруға Хажымұрат Айманов жіберіледі.

Ол естуімізше қазақ өнерінің өшпес жұлдыздары атанған Шәкен Айманов, Кәукен Кенжетасовтың әкесі, Х. Айманов Зайсанда 3 жылдай қызмет істеген. Бұл жылдары Шәкен, Кәукендер Зайсан мектебінде оқыған деген мағлұмат бар, 1927-28 жылдары уездік атқару комитетін Жәулет Исмаилов деген адам басқарған. Зайсанда 1930 жылдан «Достың» газеті шығады. 1928 жылы Қазақстан аумағында аудандар құрылып, билік аудандық партия комитетінің бірінші хатшыларына ауысқан еді. Зайсан аудандық партия комитетінің тұңғыш бірінші хатшысы П. Алексеев деген азамат, Одан кейін Шалаевский, Брусенец, Тілеубаев, Богаобакян, Гузовский, Митяев, Шмельков, Хакімжанов, Балғабаев, Жұмағұлов, Құдайбергенов, Юсупов, Ибежанов, Әбугалиев, Сәбеков, Сәкешов, Абушаев, Қунияров, Ыдырышев бірінші хатшылық қызметті атқарғанын білеміз.

Зайсан уездік аудан орталығы болғандықтан мұнда әр жылдары мемлекеттік мекемелер, оқу орындары, басқару жүйелері ашылып, жұмыс істеген. Оның кейбірі бұл жазбада аталды.

XX ғасырдың 30-шы жылдардың басында-ақ аудан еңбеккерлерінің тұрмыс жағдайы жақсара бастады. Жаппай сауат ашу өз нәтижесін беріп, үлкенді-кішілі демей газет, кітап оқуды қолға алған кез. Ауылды сауаттандыру мәдениетін көтеруге мұғалімдер белсене араласты. Сол кездегі саяси-мәдени жұмыстар мектептерге шоғырланып сол арқылы іс жүзіне асырылып жүрді.

1940 жылдардан бастап республика бойынша халық ағарту ісін дамытуға және қала мен ауылды түбегейлі қайта құру жолында ерекше еңбек сіңірген мұғалімдерді марапаттау ісі қолға алынды. Мұғалімдердің тұрмыс жағдайларын көтеру шаралары жасалды, еңбек ақылары өсіріліп, тегін тұрғын үй, коммуналдық көмектер беріле бастады. 1940 жылы «Қазақ ССР-не еңбегі сіңген

мұғалім» деген құрметті атақ белгіленді. Дегенмен де бұл жалпылай идеологияның іске асуының тек бір жақты тарихы. Зайсан да XX ғасырдағы тоталитарлық режимнің қатал саясатының кесірін басынан өткізді.

Дей тұрғанмен Зайсан ауданы тұрғындары негізінен қазақ ұлтынан құрылғанына қарамастан кеңес үкіметінің алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қаратал, Сартерек, Дайыр, Қарабұлақ ауылдарында тұратын орыс балалары үшін орыс тілінде оқытатын кластар ашылды

Зайсандағы Ломоносов атындағы орта мектепте алғашында негізінен орыс балалары оқыса кейіннен «орыс тілін білмесең коммунизмге жете алмайсың» деген саясаттың салдарынан қазақ балаларының орыс кластарына түсіп, оқып, ұстаздық етуі басталды.

Елуінші жылдардың басында жоғары оқу орындарын бітіріп келген жас маман мұғалімдер қазақтың музыка аспаптарын өз оқушыларына таныстырып, үйретіп, соның негізінде мектептерге, совхоздарда ұлт аспаптар оркестрлерін құруға ұйытқы болды.

1990 жылдарға дейін Зайсан қаласында 4 орта мектеп болған. Осылардың қара шаңырағы М. Әуезов атындағы мектеп. Осы мектеп қабырғасынан ондаған ақын, жазушы, ғалымдар өсіп шықты. 18 мұғалім Кеңес одағының орден, медальдарымен, 3 ұстаз Қазақ ССР-ы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен, 2 ұстаз Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері белгісімен марапатталды

1961 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Қаулысы бойынша Зайсанда музыка мектебі ашылды.

1967 жылы Зайсанда балалармен жас өспірімдер спорт мектебі ашылды. Зайсан қаласындағы № 23 орта кәсіптік-техникалық училище негізі 1945 жылы Қаратал МТС-ның жанында механизаторлар дайындайтын курс болып құрылған. Бұл курсты ашуға көп еңбек сіңірген алғашқы директоры Досыбай Сиырбаев және Қараталдағы Зайсан МТС-ы директоры Оқабай Торпақбаев болды. 1947-48 оқу жылында 154 оқушы осы мектепті бітіріп шықты.

Зайсанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін халыққа дәрігерлік көмек көрсету қолға алына бастады. 1922 жылы Зайсанда уездік аурухана ашылып, кейіннен 35 орынға кеңейтілді. Осыдан кейін кеңестік дәуірде Аудан орталығындағы емхана, аурухана ашылған еді. Қаладағы өндіріс орныдарының бастауына келсек, кеңестік кезеңде қалада екі үлкен тері өңдеу зауыты болды. Фунтиковтың кірпіш зауыты жұмыс істеді, Жеменейдің бойындағы үш диірмен қала халқың үнмен қамтамасыз етіп тұрған. Дображанскийдің сыра зауыты бовар сырасымен уезді ғана қамтып қоймай, шетке экспортқа шығару дәрежесінде көтерілді. Қалада екі ірі сабын қайнататын зауыт және Зайсанға басқа жақтан әкелінген темір рудасын өңдеп, Қытай мен Тибет, Монғолияға экспортқа темір шығаратын зауыт жұмыс істеп тұрды. Сорокиннің кинозалы жұртшылыққа фильмдер көрсетіп, елді жалпы әлемдік мәдени өмірден хабардар етіп отырды. Елден жиналған жүннен пима басатын Асташевтің зауыты үлкен маңызға ие болды. 1926 жылы Зайсанда қалалық кеңес құрылды. 1928 жылы күзде ВКП (б) Қазақстан Орталық Комитетінің атқару комитетінің шешімімен Республикада уездер таратылып, олардың орнына аудандар құрылды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі жылдары 1926 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша Зайсан округінде этностардағы 2,977 татар немесе 2,5 фракция тұрды. 1928 жылдың күзінде республикада ӨҚК/б/Б/ Қазақстан Орталық Комитетінің Атқарушы комитетінің шешімімен рейдтер болды, оның орнына аудандар құрылды. Зайсан округі Зайсан, Марколкольский, Көкпекті, Қызылтас / Ақсуалар / Ақсүйектер / аудандарға бөлінді.

1941 жылы Зайсанда 8490 адам өмір сүрді (<http://pop-stat.mashke.org/kazakhstan>). Зайсандағы басқа этнос өкілдерінің естеліктерінде келтірілген мәліметтерге тоқталайық. Самия Қасымбекқызы (1938 жылы туған) Естеліктерінде «Менің ата-бабаларым Қазаннан ұзақ уақыт келді, Зайсанда сауда-саттықпен айналысқан. Ата-аналарым алғашында Зайсанда тұрды, содан кейін Қытайда, одан кейін бірнеше рет Зайсанға оралды. Негізінен Қытайда тұрады және сол жерде қалды» деп еске алады ол. Жалпы тоталитарлық режим барысында 1932-1933 жылдары Зайсан шекаралық аймақ болғандықтан біршама тұрғындар жер ауып, жан сауғалап кеткен.

Зайсанда татар ұлтының нәсілдері басқа ұлт өкілдерінің белгілі бір пайызын құрайды. Динамикалық көрсеткішке жүгінсек.

Кесте 1 - Статистика деректері бойынша Зайсан ауданы татарларының сандық құрамының өзгеруі (Кумарова, 2013: 406)

Жылдар	1926	1939	1959	1970	1979	1989	1999	2009	2012
Адамдар саны	1977	888	843	893	800	694	497	391	220

Жергілікті саудагерлер кірпіш үйлерді, және әдеттегі архитектурасы бар дүкендер салды. Олар татар саудагерлеріне тиесілі болды: Юнус Татанова, әр Бекшентаев, Ибрай Манапов, Сүлейман Мергенбаев, Халела Ерзин, Юсуп Әбілханов және басқалар.

30-дан астам өндірістік емес ғимараттардың нақтыланған мәліметтеріне сәйкес, Зайсан сәулетшісі Сәтпаевтың басшылығымен салынды (1860-1954) (Сушко, 1996.).

Зайсан - Қытайдың Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданымен шекарада орналасқан қала. Бұл жерде «Микипчағай» кеден бекеті орналасқан. Этникалық қазақтардың заң бұзып, шекарадан өтіп кету процестері кеңестік кезеңде жиі орын алған. Қорқынышты аштықтан ауып 1930 жылдары халықтың едәуір бөлігі Қытайға көшті. Олар Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округіне кіретін немесе қазақтың автономды ауданында қоныстанды.

Негізінен қалалық аймақта балық шаруашылығы жақсы дамыған. Бұл үрдіс ежелден бастама алса да 1940 жылы 2736 тонна балық ауланса, 1943 жылы 4958 тонна балық ауланған. Ұлы Отан соғысы жылдары, дәлірек айтсақ, 1939-1943 жылдары селолық кеңестің төрағасы қызметін Иван Иванович Казанцев атқарды. Иван Иванович 1936-1937 жылдары балық тресінің меңгерушісі, 1943 жылы аудандық кдмсыздандыру белімінің бастығы, аудандық партия комитетінің екінші секретары қызметтерін атқарды. 1944 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, № 24 гвардиялық полкпен Эльба өзеніндегі шайқастарға қатысып, 1945 жылы қазан айында елге оралды. Балық заводының, зат дайындау мекемелерінің директоры болды.

Тоталитарлық жүйе орныға бастаған тұста мамандарды аймаққа алмастыру, тәжірбие алмасу мәселесі, әсіресе сауаттандыру мәселесінде бірінші орында болды. Мақаланың басты нысанына айналған Зайсан қаласында да осы мәселе тарихы тереңде жатыр. 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімі В.Н. Бухманды Зайсанға мұғалімдік қызметке жолдайды. 1924 жылы Владимир Николаевич «Наркомземнің» тапсыруы бойынша мектепте метеорологиялық станция ашып, ауа райын бақылайды. 3-4 жыл шамасында В.Н. Бухман ешқандай қаржыландырусыз, өз қаражатына стационарлық үй, магниттік станция, жабдықтау будкасын жасайды. Өзі өмір сүріп отырған үй іргесінде ботаникалық бақ жасап, Зайсан өңірінде өсетін өсімдіктерді егіп, зерттейді. 1927 жылы Бухман Зайсанда күн кухнясын құрастырды. Айналар арқылы күн сәулесін бір жерге жинақтап, онымен су қайнатып, тамақ пісіреді. Бухманның күн кухнясы 1928 жылы «Климат и погода» журналының 5-6 номерінде жеке жарияланған еді. Сонымен қатар В.Н. Бухман үйінде құдықсыз пеш салады. Ешқандай отын, көмір жақпайтын бұл пеш үйде бірқалыпты таза, құрғақ ауа, жылу үзілмеуін қамтамасыз етіп тұрған. Кейін өз тәжірибесін Алматыда ол «Двадцать пять лет практической работы по гелиотехнике в Казахстане» (1926-1961) атты баяндамасында атап өткен (Бухман, 1961)

Кеңестер Одағы мемлекетінде жүздеген мың адам Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен ардақталған. Бұл ордендердің авторы кім? Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерінің моделін жасаған зайсандық суретші, мүсінші Владимир Владимирович Голенецкий. Ол Ленин орденін жасауға тікелей ат салысқан. В. Голенецкий 1935-1960 жылдары шығарылған 10,15, 20 тиындардың астыңғы екінші жағының қорытынды вариантын жасаған екен (Мусин, 1988).

Тіпті қаһарлы И.В. Сталиннің талғамынан шығу өте сирек кездесетін оқиға. Мындаған атағы әйгілі суретші, мүсіншілердің қолы жете бермейтін мұндай құрметке Владимир Голенецкий жетті. Оны 1988 жылы 3 наурызда облыстық «Рудный Алтай» газетінде журналист майдангер Меңғали Мусин «Истории живая нити» мақаласында сгжей-тегжейлі әңгімелеген.

Зайсан қаласы бірте-бірте Шығыстағы мәдени, әлеуметтік, экономикалық маңызы бар орталыққа айнала бастады. Шетел, орыс зиялыларының көптеп келуі, Ресейдің Мәскеу, Қазан, Уфа, Омбы тәрізді қалаларымен тығыз қарым-қатынаста болуы, өңірдің бай мүмкіншілігі жан-жақты өркендеуіне ықпал еткен. Зайсанда алғаш радио 1932 жылы сөйлей бастаса, теледидар 1978 жылы жетті.

Аудан өміріндегі ең ауыр және жауапты болған кезең – Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Майданға – 6569 және еңбек армиясына – 1099 зайсандықтар аттанған. 2595 адам майданда қаза болды. Майдандардағы шайқастарда батылдық және ерлік көрсеткендері үшін Зайсаннан 1500 адам әскери орден, медальдармен наградталған болса, мұның ішінде 58 адам Қызыл Жұлдыз, 590 адам I және II-дәрежелі Отан соғысы, 12 жерлесіміз II-III-дәрежелі Даңқ, 2 азамат Александр Невский, 3 адам Қызыл ту ордендерімен наградталғанын айту керек. Ал олардың ішінен ерекше ерлік көрсеткен полковник В.Е. Головенко Кеңес Одағының Батыры атағын алса, сержант Манап Әубәкіров Даңқ орденінің толық иегері болды. Сонымен қатар Ф. Сәрсекеев, К. Қызымбаев, Е. Бексейітов, С. Жырымбаев, А. Дүйсежанов, Ә. Дәніков, А. Ыдырышев, Қ. Боқажанов, В. Дудкин, В. Тютюнник, Ф. Ералин, Х. Қайырсынов, тағы басқалар соғыстағы жауынгерлік ерліктері үшін жоғары үкімет наградаларына ие болды. Бұл зайсандық азаматтардың ерлік істеріне берілген жоғары баға екені анық.

Шығыс шеңбері тас жолы Кеңес өкіметі замананда 1910-40 жылдары салынса, асфальт төсеу 1977-80 жылдары ауланды А. Сәбеков басқарып тұрған кезде ғана жүзеге асқан.

Қазақстандағы аумалы-төкпелі кезең, қоғамдық өзгерістер Зайсан өңірін де сілкіп өтті. Бірде өсу, бірде өшудің куәсі болып жүрміз. Ал арада 58 жыл өткенде 1990 жылы оның үні өше бастады. Облыс орталығы Өскеменмен авиация (азаматтық) қатынасы 1950 жылдардың ортасында реттеліп,

80-ші жылдары күніне 2-3 рет ұшақ ұшса, 1995 жылы Зайсанда мүлде тоқтады. Газет-журнал, хат-хабар 1970-1990 жылдары күн сайын жеткізіліп, таратылып тұрса, кейіннен аптасына бір ретке түсті. Аудандық газет 1960-1990 жылдары аптасына 3 рет шығарылса, қазір 1 рет (оның өзінде үзілісі көбеюде). Мұндай алға басудың орнына кері кету соңғы 7-8 жылдың еншісіне тиеді.

Зайсан кітапханасы 1950 жылдары қазіргі Жанкелдин көшесі бойында қазақ орта мектебінің ескі үйіне таяу жерде орналасты. Бір кезде Шегіров көшесіндегі қазір С. Спамбетов салдырған қонақ үй-офис (қазақ-американ мектебінің американдық оқытушысына арналып салынған) тұрған жердегі ескі үйде орналасты.

Зайсандағы тұңғыш қазақ мектебі (қазіргі М. Әуезов атындағы аралас мектеп) 1913 жылдан негіз алады. Бұл білім ордасы сол жылы қаладағы мешіттің бір бөлмесінде ашылып, 30 баланы Ыбырай Алтынсариннің жүйесімен оқыта бастайды. Оның тұңғыш ұстазы қазақтың белгілі қаламгер ақыны, өмірін бала оқытумен өткізген Тайыр Жомартбаев.

1990 жылдары елдегі дағдарыс пен өтпелі кезеңде Шекара бойындағы елдің қаңырап, ауыл адамдарының қала жаққа босуы, тікенек сым тартылған мемлекеттік маңызы бар стратегиялық елді мекендердің құлазып жатты (Департамент статистика ВКО, 2012)

Аудан өміріндегі ең ауыр және жауапты болған кезең – Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Майданға – 6569 және еңбек армиясына – 1099 зайсандықтар аттанған. 2595 адам майданда қаза болды. Полковник В.Е. Головченко Кеңес Одағының Батыры атағын алса, сержант Манап Әубәкіров Даңқ орденінің толық иегері болды.

Зайсан – Ресей мен Қытай арасын жалғастыратын алтын көпір болған ұлы керуен жолы. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен елімізде кеден қызметі жолға қойылған. 1992 жылдың мамыр айынан бастап, Шығыс аймақтық кеденіне қарасты «Майқапшағай» кеден бекеті құрылды. Сондай-ақ, 2006 жылдың сәуір айынан бастап, «Майқапшағай-Жеменей» шекара сауда орталығы ашылған. (Департамент статистика ВКО, <http://www.shygys.stat.kz/reg/bor.html>)

Зайсандағы ұлттық (мемлекеттік) банктің негізі 1990 жылғы жер сілкінісінде бұл үй айтарлықтай зардап шекпеген. 1935-1945 жылдары Ладыгин, Стрелковский, Солдатов, Кузнецова басқарған, 1952 жылдан бері Нұрахметов, Г. Белгібаева, Нұрмәдиев, И. Суханов, И. Кизилов, В. Хайлов, Г. Егінбаева, Ш. Мамырханова, С. Халиуллин басқарып келген (әр жылдары).

Зайсанда кәсіптік-техникалық училище 1945 жылдан бастау алса, балалар музыка мектебі 1962 жылы ашылды. Мемлекеттік архивтің филиалы 1993 жылы құрылды. Архив филиалын мықтап ұстап тұрған Қатира Жақсылықова, кәсіптік-техникалық училище үшін түн ұйқысын төрт бөліп жүрген Аманкелді Кемелбаевтың қазіргі нарық жағдайындағы еңбегі ерекше дер едік. Азаматтар осылардай еңбек етсе жаман болмас еді.

Зайсан ауданына 1974 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, қоғам қайраткері, үш мәртебе еңбекте батыр атағын алған Дінмұхамбет Ахметұлы Қонаевтың келіп-кетуі және 1975 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Байкен Әшімұлы Әшімовтың Зайсан сайлау округінен Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып жұмыс атқарып, көмек көрсету нәтижесінде үлкен өзгерістер әкелді.

Ең алдымен шекаралы ауданда күрделі құрылыстарды жүргізуде ірі табыстарға қол жетті. Мәселен, 1976 жылы аудан бойынша 7156 шаршы метр үй, ал 1977-1978 жылдары 2 жатақхана, 2 мектеп (Қарабұлақ, Айнабұлақ), 2 клуб (Қарабұлақ, Мичурин атындағы кеңшарларда), аудан орталығында аэропорт, РТО (телемұнара), су құбыры, аудандық мәдениет үйі, сыра зауыты салынды. Жаңғыз төбе-Майқапшағай тас жолы және Зайсан қаласының 8 көшесі асфальтталынды, тағы басқа сәулеттендіру жұмысы іске асырылды. Мұның барлығы аудан экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартуға, шаруашылықтардың негізгі қорларын көбейтуге маңызды роль атқарды.

Қазақ Республикасының 1991 жылы тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы нәтижесінде біздің ауданымыз да жаңа нарық экономикасы даму жолына көшті.

Бұрынғы 9 кеңшарды (Шіліктіні қоса) жаңа реформаға көшіріп, жекешелендіруге байланысты 358 шаруа қожалықтары құрылды. Бұларға кеңшарлардан қалған техника, мал басы, егіндік, шабындық, жайылымдық жерлері бөлініп берілді.

Бірақ жекешелендіру шараларының мезгілінде толық іске аспауы және кешеуілдетіп жүргізілуінен, сол себепті негізгі қорлардың бытырап кетуінен құрылған шаруа қожалықтары, серіктестіктер, а/ш кооперациялары әлі қарқынды дами алмай келеді.

Шаруа қожалықтарын басқаруды қолына алып, ие болған кадрлар тиісті демеу, қаражат, несие ала алмағандықтан, оларда техника, жанар-жағар май, мал басының азайуынан, тағы басқа ресурстардың аз болуынан өнім өндірумен әлі де жеткіліксіз шұғылдануда. Қалада ескі ғимараттар баршылық. Осы тарихи ғимараттардың көпшілігі Баязит Сәтбайұлының қолымен салынған екен. Баязит Сәтбайұлының қолынан шыққан 26 ғимарат әлі күнге дейін сақталынған. Оладың қатарына жергілікті бай Ыбырай Манаповтың тапсырымен салғызған үйі, Жүсіп Әбілхановтың үйі, Халел Ерзиннің мұнара үйі, Зейнолла Бұтабайұлына арналған кесене тағы басқаларды атауға болады. Солардың қатарында қаладағы ең ескі ғимараттың бірі – Бидахмет Бобкиннің үйі. Кеңес өкіметі

орнағанда бұл ғимаратта уездік және аудандық партия комитеті, 1960-1970 жылдары «Достық» газетінің редакциясы, 80-інші жылдары аудандық білім беру мекемесі орналасқан болатын. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай аталған мекемеде Зайсан тарихи-өлкетану музейі қызмет етеді. Біз қарастырып отырған кезеңде салынған тарихи мұраның бірі Зейнолла Бұтабайұлы кесенесі. Баязит Сәтбайұлының зайсандағы соңғы ескерткіші деп саналады және мемлекеттік қорғау тізіміне енген. Зейнолла Бұтабайұлы орыс отарлаушыларына өзіндік тойтарыс бере білген болыстың бірі. Зейнолла Бұтабайұлы 1924 жылы қайтыс болды. Ел-жұрты, ел үшін еңіреп туған ерін ақтық сапарға құрметпен шығарып салған. Зейнолла мазарын атақты сәулетші Баязит Сәтбайұлы салғызған. 1925 жылы тұрғызылған кесене екі бөліктен тұрады. Алдыңғы негізгі бөлігі сегіз бұрышты болып басталып жоғары көтерілген, артқы шеңберлі бөлікке жалғасатын тұсы кішірейіп барып біткен екен. Кесененің алдыңғы бөлігі оңтүстік шығыс Азияның сәулет өнеріне ұқсас күрделі үлгіде орындалған. Қалаға көрік беріп тұрған тарихи ғимараттар қала тарихынан сыр шертері анық.

Қорытынды. Тұжырымдай келе 1925-1991 жылдардағы Зайсан қаласының әлеуметтік - экономикалық, мәдени дамуын қарастырғанда, қала аймағындағы білім беру жүйесінің, балық шаруашылығының, өнеркәсіп орындарының бір кезеңде өз рольдерін атқарғандығын, осы кәсіпорындардың қала экономикасының дамуына үлесі талданды. Жалпы қалалық мәдени орындарының бой көтерген кезеңдеріне зерттеушілер еңбектері мен деректер негізінде негізінде сипаттама берілді. Сондай-ақ шығыстың шырайын кіргізген Зайсанның қоғам қайраткерлері, соғыс ардагерлеріне, кәсіптік білім беру жүйесінің барысына тоқтала отырып, қалалық аймаққа жүргізген кеңес үкіметі саясатының мәдени саладағы бағыты қарастырылды.

Әдебиеттер тізімі

Адильбаева А.С. Социально-экономическое и культурное развитие городов Восточного Казахстана в конце XIX - начале XXI века: Автореф. дисс. доктора ист. наук. Семей, 2010-152 с.

Бухман В.Н. Двадцать пять лет практической работы по гелиотехнике в Казахстане (1926-1961). Алматы, 1961. 21 б.

Войнаровская Ю.В. Население малых городов Поволжья в 1921-1936 гг., автореф. дисс. на соискание ученой степени канд. ист. наук. Омск, 2009. 28 с.

Джаниева Р.М. Социально-экономическое и культурное развитие уездных городов Степного края в конце XIX - начале XX вв., автореф. дисс. на соискание ученой степени канд. ист. наук. Омск, 2007. 29 б.

Жапаров Б., Тұлкин Р. Зайсан асулары. Алматы: Баспана, 1998. 348 б.

Зайсан ауданы // Департамент статистики ВКО. Регионы. <http://www.shygys.stat.kz/reg/bor.html>(14.02.2012)

Елагин А.С. Города Казахстана в период строительства социализма. В книге: Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. Алма-Ата, Наука, 1980. 344 с.

Ескендиоров М.Г. Социальное и экономическое развитие Восточного Казахстана (вторая половина XIX-начало XXI в.), Автореф. дисс. на соискание ученой степени док. ист. наук. Алматы, 1996. 25 с.

Из отчета о командировке в Зайсанский район в 2006 г. Электронный ресурс: <http://pop-stat.mashke.org/kazakhstan-ethnic2010.htm>

Касымбаев Ж. История города Семипалатинска (1718 - 1917 гг.). Алматы, 1998, 276 с.

Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края. Семипалатинск, 1914. 38 с.

Мусин М «Истории живая нити» // «Рудный Алтай» 1988 жылы 3 наурыз 3 с.

Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты /Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 ж. 27 қаңтар. 3 б.

Сушко П. Наследие Баязита Сатпаева. Рудный Алтай. №125-126, 5 октября, 1996.

Уалтаева А.С. Население малых городов Казахстана (социально-демографический аспект на примере Восточного региона). Алматы, 2011-168 б.

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімінің ресми сайты -<http://www.zaysan.vko.gov.kz/kaz/> 14.02.2012

References

Adilbaeva A.S. Socio-economic and cultural development of the cities of East Kazakhstan at the end of the XIX - beginning of the XXI century: Abstract. diss. doctors of historical sciences. Semey, 2010-152 p.

Bukhman V.N. Twenty-five years of practical work on solar engineering in Kazakhstan (1926-1961). Almaty, 1961.21 b.

Dzhanieva R.M. Socio-economic and cultural development of the county towns of the Steppe region in the late XIX - early XX centuries, abstract. diss. for the degree of Candidate of Historical Sciences. Omsk, 2007. 29 b.

Elagin A.S. The cities of Kazakhstan during the period of socialism. In the book: Actual problems of the history of Soviet Kazakhstan. Alma-Ata, Nauka, 1980. 344 p.

Eskendirov M.G. Social and economic development of East Kazakhstan (the second half of the XIX-the beginning of the XXI century), Abstract. diss. for the degree of Doctor of Historical Sciences. Almaty, 1996. 25 p.

Zhaparov B., Tulkin R. Zaisan asulary. Almaty: Baspana, 1998. - 348 b.

From the report on a business trip to Zaisan district in 2006. Electronic resource: <http://pop-stat.mashke.org/kazakhstan-ethnic-2010.htm>

Kasymbayev Zh. The history of the city of Semipalatinsk (1718 - 1917). Almaty, 1998, 276 p.

Konshin N.Ya. A brief historical sketch of the Semipalatinsk region. Semipalatinsk, 1914. 38 p.

Musin M “Stories of the living nita” // “Rudny Altai” 1988 zhyly 3 nauryz. 3 p.

Nazarbayev N. Aleumettik-ekonomikalyk zhangyrtu - Kazakhstan damuyyn basty bagyty /Kazakhstan Republikasynn Presidenti - Ult Koshbashysy N.A.Nazarbaevtyn Kazakhstan khalkyna Zholdauy, Astana K., 2012 J. 27 kantar. 3 b.

Ualtayeva A.S. Population of small towns of Kazakhstan (socio-demographic aspect on the example of the Eastern region), Almaty, 2011. 168 b.

Sushko P. The legacy of Bayazit Satpayev. Rudny Altai.No.125-126, October 5, 1996.

Shygys Kazakhstan oblys Zaisan audany akiminin resmi sites -[http://www.zaysan.vko.gov.kz/kaz /02/14/2012](http://www.zaysan.vko.gov.kz/kaz/02/14/2012)

Voynarovskaya Yu.V. Population of small towns of the Volga region in 1921-1936, abstract. diss. for the degree of Candidate of Historical Sciences. Omsk, 2009. 28 p.

Zaisan audany //Department of Statistics of East Kazakhstan Region. Regions. <http://www.shygys.stat.kz/reg/bor.html> (02/14/2012)

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РГАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды